

**Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Халықаралық көрмелер дирекциясы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 желтоқсан N 1988.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.03. N 1025 қаулысымен. ~P011025

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы"
1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 U952335_ заң күші бар Жарлығына сәйкес
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Халықаралық көрмелер дирекциясы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда
министрлігі Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ
мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган
(бұдан әрі - Уәкілетті орган) болып белгіленсін.

2-1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Уәкілетті органға
Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің табиғи және техногендік
сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларға және 2000 жылға
арналған республикалық бюджетте көлденең шығындарға арналған қаражатының
есебінен Кәсіпорынның жарғылық қорын қалыптастыруға 7250 (жеті мың екі жүз
елу) мың теңге бөлсін.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.05.
N 172 қаулысымен.

P000172_

3. Уәкілетті орган заңдарда белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске
асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 мамырдағы N 790

P960790_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат)
мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік
кәсіпорындарының тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 106-а-1-жолмен
толықтырылсын:

"106-а-1."Халықаралық көрмелер дирекциясы"
республикалық мемлекеттік
кәсіпорны (шаруашылық жүргізу
құқығында) Астана қаласы".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.